

Г.У. Ахметшина¹, Н.У. Шаяхметов², А.З. Жуманова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

²ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

³Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: guldena_82@mail.ru)

Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің қалыптасуы мен қызметі: тарихи сананы жаңғырту мәселелері

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен қатар, Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, тереңінен зерделене бастады. Ұлттың өзін-өзі тануының бір жолы — төл тарихын білу. Сондықтан тәуелсіз ұлтқа өз өткенінен объективті ақпарат бере алатын танымдық маңызы жоғары тарих қажет. Ондай тарихты зерттеп жазу тәуелсіздік жағдайында Қазақстан тарихы ғылымының тікелей міндеті болды. Ұлт тарихын зерттеп, жазу барысында, әрине, мұрағат құжаттарын пайдаланудың маңызы зор. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында да ел тарихына байланысты архив құжаттарын кеңінен пайдаланып, зерттеу үшін «Архив–2025» жеті жылдық мемлекеттік бағдарламаны қабылдау қажеттілігі айтылды. Бұл өте қуантарлық жағдай. Бағдарлама аясында тарихшы ғалымдарға отандық, алыс-жақын шетел архивтерімен жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Елбасының бұл бастамасы да мақала өзектілігін көрсетеді. Мақалада авторлар Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының қалыптасу тарихына тоқтала отырып, мұрағат қорларының тізімдері, мұрағат қызметтеріне сипаттама береді. Бұл мақаланы жазудағы мақсат – Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорларындағы деректердің тарихи сананы жаңғыртуға қосатын үлесін айқындау. Көздеген мақсатқа жету үшін авторлар Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің құжаттық қорларының тізімдерімен танысып, сипаттама беріп, мұрағат ұсынатын қызметтерді атап көрсетеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві қорларында тәуелсіздік тарихына байланысты мол материалдар шоғырланған. Авторлар Ұлттық архив қорлары құжаттары Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихын жазуда мол дерек көзі болып табылады, тәуелсіздік тарихына қатысты архив қорларындағы материалдарды екшелеп, көпшілік қауымға тиімді түрде ұсыну қажет деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, тарих, архив, құжаттар қоғам, ұлттық мақтаныш, мәдениет.

Қай заманда, қандай қоғамда болмасын, отаншылдықтың бастауында ұлттық мақтаныш сезімі тұратындығы, ал оның қайнар көзі тарих пен мәдениет екендігі анық. Қазіргі заманда өркениетті ұстанымы бар ұлттар мен ұлыстар, ең алдымен, өзінің кешегі және бүгінгі тарихын алға тартады. Ал, сол тарихты жазу алдымен баяндап отырған оқиғаға қатысты деректер мен құжаттарды зерттеуден басталады.

«История пишется по документам. Документы – это следы, оставленные мыслями и действиями некогда живших людей. Ничто не может заменить документов: нет их, нет и истории», — деп жазады ХІХ ғасырда Франциядағы «Анналар мектебін» қалыптастырушы тарихшы-ғалымдар Ш.В.Ланглуа мен Ш.Сеньобос [1; 49].

Ал, тарихты жазуға қатысты бұл құжаттар, әрине, архивтерде сақталады. Архив сол тарих үшін жинақталған құжаттар қоймасы. Сондықтан да ол жеке тұлға мен қоғамның мемлекеттің тыныс-тіршілігімен бірге тыныстап, өмір сүріп, халқына, мемлекетке, қоғамға қызмет етеді. Архивке берілген баға өлшеусіз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 37-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» делінген. Сондықтан да архивтердегі құжаттық қорды сақтау – ұрпақ алдындағы парыз.

Елбасының 2018 ж. 20 қарашада жариялаған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында халқымыздың өткені мен бүгінгісін және болашағының іргелі негіздерінің бірі ретінде архив жұмыстарына баса мән берілген. Архив деректерін ғылыми айналымға енгізу үшін арнайы бағдарлама қабылдау қажеттілігі айтылды.

«Архив–2025 бағдарламасы аясында Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтандақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Алайда бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де

болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр. Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив–2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақмерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек. Қай жағынан болсын, бұл маңызды жұмыс мемлекет есебінен атқарылатын «академиялық туризмге» айналмауға тиіс. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет, — деп атап көрсетті Елбасы [2].

Ең алдымен, ғылыми әдебиеттерде мұрағат сөзіне берілген анықтамаға тоқталайық:

Мұрағат – ретроспективті құжаттың ақпаратты пайдалану мақсатында құжаттарды сақтау мен қабылдауды жүзеге асыратын мекеме немесе оның құрылымдық бөлімшесінде тұрақты сақталатын құрамдағы құжаттары бар мемлекеттік мұрағаттар ғылыми-зерттеу мекемелері болып табылады, ғылыми жұмыс жүргізеді [3; 25].

Мұрағат – тарих айнасы. «Бәрі де өтеді» дейтін көне тәсілден шығатын ақиқат – өшпейтін, ұмытпайтын нәрсе жоқ. Сондай кезде өшкенінді жандыратын, ұмытқаныңды жадында жаңғыртып, тарихтағы әр нәрсені, әрбір тұлғаны орын-орнына қойып беретін тағы да мұрағат. Өзін өркениетті санайтын елдің ешбірі мұрағат ісін шетке ысырып қоймайды» [4; 3], — деп баға береді ғалым, мұрағаттанушы Р.Х.Сариева.

Қазақстан Республикасының архивтік жұмыстары дамуының екі ғасырлық тарихы бар. Қазіргі уақытта әртүрлі бағыттағы, оның ішінде ғылыми-техникалық, кинофотоқұжаттар, жеке қорлар мен коллекциялар сақталған мемлекеттік архив қорлары халқымыздың мәдени және рухани құндылығын, ұлттық тарихымызды көрсетіп, айқындайтын бірден бір дәлел.

Тарихи архивтер мемлекеттіліктің атрибуты болып табылады, оларға қарап, мемлекеттің қазіргі әлемдегі даму деңгейі анықталады [5]. Қазақстан Республикасы Архивтері мекемелері қоғамдық құрылымдардың өзгеру үрдістері нәтижесінде туындаған қиындықтарға қарамастан (нарықтық экономикаға өту, бюджеттік қаржыландыру тапшылығы), архив жұмысының даму деңгейі мен кадрлық әлеуетін сақтап қалды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жергілікті партиялық архивтер мемлекеттік архивтер жүйесіне біріктіріліп, қоғамның ғылыми және мәдени қауымының кеңінен танысуына мүмкіндік берді.

Қазақстан көп уақыт бойы посткеңестік кеңістікте архив туралы заңы жоқ мемлекет болып келді. Негізі, Архив жұмысы туралы заң жобасы 1991 ж. дайындалып, бірнеше қайтара арнайы мамандар мен ғалымдардың екшеуінен өтті. Заң жобасы 1993 ж. Қазақстан Республикасының Жоғары кеңесінің XII шақырылымында тыңдалды.

Ел Парламентінің 1998 ж. 22 желтоқсанда «Ұлттық архив қоры мен архив туралы» ҚР Заңын бекітуі елдің жоғары қызметін реформалаудың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырды. Соңғы жылдары бұл заңға бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, кейбір ережелер нақтыланды.

Еліміздің аса бай рухани қазынасы болып табылатын мұрағат ісі XVIII ғ. бастау алады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 тамыздағы «Қазақстандағы мұрағат ісіне 200 жыл» атты Қаулысында Қазақстан тарихында мұрағат ісінің пайда болуын былайша атап көрсетеді: «Алғашқы мұрағат Батыс Қазақстан аймағындағы Ішкі Ордада» қалыптасып, Бөкей хандығының мұрағаты атауымен белгілі болды делінген [6].

Мемлекет Басшысының «1998 жылды Халық бірлігі және Ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы» Жарлығы еліміздің архив жүйесіне деген халықтың оң көзқарасын оятты. Ұлттың тарихи санасы, патриоттық сезімі нығая түсті. Мемлекеттік архивтердің оқу залынан АҚШ, Канада, Қытай, Жапон, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің келген зерттеушілер жиі көріне бастады [7; 8].

Мәдени мұра мен тарихи жәдігерлерді сақтау мен халыққа насихаттау ісінің маманы, бірнеше жыл ҚР Ұлттық Музейіне жетекшілік еткен Д.Мыңбай өз сөзінде: «...Мемлекеттің, қоғамның, жеке адамның мұрағаттық мұраға, мәдени ескерткіштерге көзқарасы — бұл өркениетті қоғамның, оның мәдени деңгейінің көрсеткіші», — деп жазады [8; 90].

Мұрағаттық деректер Қазақстан тарихының басым бөлігін зерттейтін дереккөзі болғандықтан, зерттеу қажеттілігі өзінен өзі туындайды.

1998 ж. 22 желтоқсанда «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Ұлттық мұрағат қоры — заңда белгіленген тәртіппен ұлттық құндылық деп танылған барлық мұрағаттардың, мұрағат қорлары мен коллекцияларының, деректі ескерткіштердің, тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе мәдени айрықша маңызы бар құжаттардың жиынтығы» деген анықтама берген. Ал, осы заңның бабында: «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан халқының игілігі ретінде мемлекет қорғайды» деп көрсетіледі [9; 32].

Республикамыздың архив құжаттары – баға жетпес байлық, мемлекеттің, халықтың асыл қазынасы. Бүгін де, ертең де, келер ғасырларда да толық беретін, жазыла беретін тарихтың қайнар көзі. Архив құжатсыз тарихтың жазылуы мүмкін емес. Архив – өмірі таусылмас, қоймасы ортаймас, тарих көшімен бағзы заманнан бүгінге дейін өмірдің қатпар-қатпар кезеңдеріндегі еліміздің шаруашылығын, экономикасын, тарихи, мәдени ескерткіштерін, жеке тұлғалардың өмірін мәңгі жасататын ұлттық тарихи мұраның көзі.

Ұлттық архивті ұйымдастыру, дамыту және пайдалануды жақсарту мәселесі халықаралық, мемлекетаралық қатынасқа да тікелей байланысты екені сөзсіз. Өркениетті елдерде архив ісі, барлық архив қоры және құжаттама басқару аспектісі мемлекеттік қызметтің дербес саласы.

Мемлекет астанасын Астанаға көшіру осында басты архив мекемесін құру қажеттігін айқындап берді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2003 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлттық архив ғимаратының құрылысын салу туралы шешім қабылдады. Ұлттық архивтің ресми түрде ашылуы 2006 ж. 14 желтоқсанында өтті.

Елордамыз Астананың төрінен орын алып, Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан тарихи-мәдени маңызы бар күмбез тәріздес ғимаратты байқамай өту мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві қазіргі тарихты тербете отырып, тәуелсіздік және егемендік құжаттарын сақтайтын басты орталыққа айналды. Бұл орталық өзінің жастығына қарамастан, құжаттарды жинауда, сақтауда, пайдалануда және құжаттық деректерді жариялауда көпқырлы қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві қызметкерлері архив қорына келіп түскен құнды құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдауды, сақтау мен құжаттардың архив қоймаларына тиімді орналасуын, құжаттардың толықтылығын және физикалық жағдайын тексеруді, сондай-ақ биологиялық, физикалық, химиялық зақымдануы бар құжаттарды анықтауды, есепке алуды жүзеге асырады.

Ұлттық архив тек қағаз түріндегі ғана емес, сонымен бірге электронды жеткізгіштегі құжаттарды қабылдайды. «Электронды Үкімет» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру архив саласында да, заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды талап етеді. Осы мәселеге байланысты Ұлттық архивте «Мемлекеттік органдардағы электрондық мұрағаттар жүйесі» ақпараттық жүйесі енгізілген. Ұлттық архивте электрондық мұрағат жүйесін енгізу құжаттардың түпнұсқасының сақталуына, оларға тез және жеңіл түрде қолжеткізуге, сонымен қатар мемлекеттік органдардан электронды түрдегі құжаттарды қабылдауға мүмкіндік береді.

Ұлттық архивте сақталатын құжаттардың негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде құрылуы мен дамуы кезеңіне жатады. Ұлттық архивтің негізгі үш қызметі бар: Ұлттық архив қоры құжаттарын сақтау, толықтыру және пайдалану» [10].

Архивтік анықтамалар және көшірмелер беру тек Ұлттық архивтің ғана емес, барлық мемлекеттік архивтердің негізгі қызметтерінің бірі және халыққа қызмет көрсетудің мемлекеттік қызмет көрсету тізбесіне кіреді. Жыл сайын Ұлттық архив қорларына сұраныстар саны арта түсуде. Оған себеп — Ұлттық архив қорының әрдайым құжаттармен толықтырылуы.

Қазіргі кезде (2018 жылдың мәліметі бойынша) Ұлттық архивте 240 қор бар. Оның ішінде басқарушылық-әкімшілік сипаттағы құжаттар — 200, жеке қорлар саны — 40. Бұл қорлардың көпшілігі Қазақстанның тәуелсіздік жолы мен мәдени өмірінен мол дерек береді. Атап айтқанда, ҚР Жоғары кенесінің қоры, ҚР Орталық сайлау комиссиясының қоры, ҚР Премьер-Министрінің қоры, ҚР жоғары Сотының, Конституциялық соттың, Жоғары арбитражды соттың қорлары, әртүрлі Министрліктер қорлары, ҚР Парламенті Сенатының қоры, сонымен қатар еліміздің көрнекті ғалымдары, мәдени қайраткерлері мен саяси тұлғаларының жеке қорлары шоғырланған.

Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің құжаттары ҚР Ұлттық архивінің 2-қорында жинақталған, барлығы 2486 құжат бар. Мұндағы құжаттар 1991–1995 жж. аралығын қамтиды [11].

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының құжаттары ҚР Ұлттық архивінің 3-қорында жинақталған, барлығы 1195 құжат бар. Мұндағы құжаттар 1988–2011 жж. аралығын қамтиды [12].

Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының құжаттары ҚР Ұлттық архивінің 5-қорында жинақталған, барлығы 333 құжат бар. Мұндағы құжаттар 1992–1995 жж. аралығын қамтиды [13].

Осы аталған қорлар құжаттары еліміздің тәуелсіздік тарихы, Тәуелсіздік Декларациясын қабылдау, Қазақстан Республикасының Президентін сайлау барысы, тағы да басқа маңызды саяси құжаттардың қабылдануы тарихынан мәлімет береді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіндегі жеке қорлары ішінде көрнекті тарихшы-ғалым Ә.Марғұланның, Ж.Тәшеновтің, Қ.Салғараұлының, А.Сейдімбектің, М.Жолдасбековтің, Ә.Таразидің, И.Жақановтың, Әбсаттар қажы Дербісәлінің, А.Мұсаходжаеваның, Марат Әбсеметовтің, Р.Сариеваның қорларын атап айтуға болады. Бұл қорлар құжаттарымен жұмыс жасау арқылы тәуелсіз еліміздің саяси, мәдени, рухани өмірі жайлы мол мағлұмат аламыз.

Ұлттық архивке пошта арқылы, электронды поштаға келіп түскен барлық сұраныстар есепке алынып, сұраныстар тіркеу журналдарына енгізіледі, шығыс нөмірлері қойылған хаттардың түпнұсқалары сканерленіп, электрондық нұсқада сақталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатындағы мемлекеттік органдардағы электрондық мұрағаттар жүйесін (МО ЭМЖ) енгізу мен жетілдіру жұмыстары 2004 жылдың 10-қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің № 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2005–2007 жж. арналған «Электронды үкімет» мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру мақсатында 2007 жылдан басталған екен. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатындағы МО ЭМЖ «Қорлар», «Тізімдемелер», «Көрсеткіштер», «Мұрағат төлқұжаты», «Мемлекеттік сақтандыру қоры», «Толықтыру көздері», «Оқу залы, зерттеушілермен жұмыс жасау», «Сұраныстар: әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық», «Топографиялық көрсеткіштер» және тағы басқа модульдерден тұрады.

Қазіргі таңда Қазақстан архивтері біздің ұлттық ескерткіштеріміз болып табылатын құжаттармен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві қорларын толықтыру, сақтау және қолдану жұмыстарын жалғастыруда. Тәуелсіз еліміздің қалыптасуының тарихи сәттерін бейнелейтін Ұлттық архив құжаттары тарихшы-ғалымдар мен жас зерттеушілер үшін өте маңызды деректер көзі болып табылады. Келешекте де Ұлттық архив қорлары тың деректермен толығып, тарихшылар үшін қазыналы орталыққа айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ланглуа Ш.В. Введение в изучение истории / Ш.В. Ланглуа, Ш. Сеньобос. — М.: Гос. Публичная историческая библиотека России, 2004. — 305 с.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры [Электронный ресурс] / Н.Ә. Назарбаев. — Режим доступа: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-zheti-qury>
- 3 Атабаев Қ.М. «Деректану» пәнін оқыту методикасы: оқу құралы / Қ.М. Атабаев, Н.А. Тасилова, А.Ф. Толамисов. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2011. — 299 б.
- 4 Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих: мақалалар, баяндамалар / Р.Х. Сариева. — Алматы: Арыс, 2004. — 292 б.
- 5 Исахан Ғ. Тәуелсіз ел тарихының сүйенері — мұрағат / Ғ. Исахан // Қазақстан мұрағаттары. — 2012. — № 1(21).
- 6 Әбсеметов М. Мұрағат және мұрағатты ел / М. Әбсеметов // Қазақстан мұрағаттары. — 2015. — № 4 (36).
- 7 Национальный архив РК. Ф. 110. Центральный Государственный архив РК за 1997–1999 гг. Оп. 1. Д. 4. Л. 8.
- 8 Аққали А. Мұрағаттардағы құжаттарды сақтау / А. Аққали // Қазақстан мұрағаттары. — 2012. — № 1(21). — 90-б.
- 9 Национальный архив РК. Ф. 110. Центральный Государственный архив РК за 1997–1999 гг. Оп. 1. Д. 1. Л. 32.
- 10 Әбсеметов М.О. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты: дамудың өзекті мәселелері мен болашағы / М.О. Әбсеметов // Қазақстан мұрағаттары. — 2012. — № 2(22).
- 11 Национальный архив РК. Ф. 2. Верховный Совет РК (за 1991–1995 гг.).
- 12 Национальный архив РК. Ф. 3. Центральная избирательная комиссия РК (за 1988–2011 гг.).
- 13 Национальный архив РК. Ф. 5. Конституционный суд РК (за 1992–1995 гг.).

Г.У. Ахметшина, Н.У. Шаяхметов, А.З. Жуманова

Становление и деятельность Национального архива Республики Казахстан: проблемы модернизации исторического сознания

В связи с обретением независимости Республики Казахстан многие из наиболее актуальных вопросов отечественной истории рассматриваются с новых точек зрения. История является одним из способов самопознания нации. Поэтому необходимо иметь высокий уровень исторического знания, которое может передать объективную информацию. Написать такую историю было прямой задачей науки истории Казахстана в условиях независимости. Конечно, важно использовать архивные документы при изучении и написании истории нации. В статье под названием «Семь граней Великой степи» Глава государства подчеркнул необходимость принятия семилетней архивной программы «Архивы-2025» для широкого использования архивных документов, связанных с историей страны. Это открывает прекрасные возможности. В рамках программы историки смогут работать с архивами отечественных и зарубежных стран. Эта инициатива Главы государства отражает актуальность статьи. В данной статье авторы приводят описи документов из фондов Национального архива Республики Казахстан и указывают имеющиеся услуги архива. Цель этой статьи — определить вклад Национального архива Республики Казахстан в модернизацию исторического сознания. Для достижения целей авторы были ознакомлены с описями документов фондов Национального архива Республики Казахстан, которые содержат богатые источники по истории становления независимости. Авторы пришли к выводу, что документы Национального архива являются незаменимым источником в изучении истории независимости Республики Казахстан, в связи с этим необходимо больше публиковать архивные материалы в доступной для широкой общественности форме.

Ключевые слова: независимость, история, архив, документы, общество, национальная гордость, культура.

G.U. Akhmetshina, N.U. Shayahmetov, A.Z. Zhumanova

Formation and activity of the National Archive of the Republic of Kazakhstan: problems of modernization of historical consciousness

In connection with the independence of the Republic of Kazakhstan, many of the most pressing issues of national history are considered from new points of view. History is one of the ways of self-knowledge of the nation. Therefore, it is necessary to have a high level of historical knowledge that can convey objective information. To write such a story was a direct task of science of the history of Kazakhstan in the conditions of independence. Of course, it is important to use archival documents in the study and writing of the history of the nation. In the article entitled «Seven facets of the great steppe» the Head of state stressed the need to adopt a seven-year archival program «Archives-2025» for the wide use of archival documents related to the history of the country. This opens up great opportunities. Within the framework of the program, historians will be able to work with the archives of domestic and foreign countries. This initiative of the Head of state reflects the relevance of the article. In this article, the authors provide an inventory of documents from the funds of the National archive of the Republic of Kazakhstan and indicate the available services of the archive. The purpose of this article is to determine the contribution of the national archive of the Republic of Kazakhstan to the modernization of historical consciousness. To achieve the goals, the authors were acquainted with the lists of documents of the national archives of the Republic of Kazakhstan, gave a description. The funds of the National archive of the Republic of Kazakhstan contain rich sources on the history of independence. The authors came to the conclusion that the documents of the National archive are an indispensable source in the study of the history of independence of the Republic of Kazakhstan, in this regard, it is necessary to publish more archival materials in an accessible form for the General public.

Keywords: independence, history, archive, documents, society, national pride, culture.

References

- 1 Langlois, Sh.V., & Senyobos, Sh. (2004). *Vvedenie v izuzhenie istorii [Introduction in studying of history]*. Moscow: Gosudarstvennaia publichnaia istoricheskaiia biblioteka Rossii [in Russian].
- 2 Nazarbayev, N.A. (2018). Uly Dalanyn zheti kvry [Seven Facets of the Great Steppe]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyry> [in Kazakh].
- 3 Atabayev, K.M. (2011). «*Derektanu» panin okytu metodikasy [Methods of teaching discourse]*. Almaty: Kazak universiteti [in Kazakh].

- 4 Sariyeva, R.H. (2004). *Murahat zhane tarikh: makalalar, baıandamalar [Archive and history: articles, reports]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Isakhan, G. (2012). Tauelsiz el tarikhynyn suieneri — murahat [The support of the history of the independent country is an archive]. *Kazakstan murahattary – Archives of Kazakhstan, 1(21)* [in Kazakh].
- 6 Absemetov, M. (2015). Murahat zhane murahatty el [Archive and archive country]. *Kazakstan murakattary – Archives of Kazakhstan, 4(36)* [in Kazakh].
- 7 Natsionalnyi arkhiv RK. F. 110 Tsentralnyi Hosudarstvennyi Arkhiv RK za 1997–1999 hh. [National RK Archive The RK Central State Archive for 1997–1999] [in Kazakh].
- 8 Akkali, A. (2012). Murahattardahy kuizhattardy saktau [Storage of documents in archives]. *Kazakstan murahattary – Archives of Kazakhstan, 1(21)*, 90 [in Kazakh].
- 9 Natsionalnyi arkhiv RK. F. 110 Tsentralnyi Hosudarstvennyi arkhiv RK za 1997–1999 hh. [National RK archive the RK Central State archive for 1997–1999]. [in Kazakh].
- 10 Absemetov, M. (2012). Kazakstan Respublikasynyn Ul'ttyk murahaty: damudun ozekti maseleleri men bolashahy [National archive of the Republic of Kazakhstan: Actual problems and prospects of development]. *Kazakstan murahattary – Archives of Kazakhstan, 2(22)*[in Kazakh].
- 11 Natsionalnyi arkhiv RK. Verkhovnyi Sovet RK (za 1991–1995 hh.). [National RK Archive. The Supreme Council of RK (for 1991–1995)] [in Kazakh].
- 12 Natsionalnyi arkhiv RK. Tsentralnaia izbiratelnaia komissii RK (za 1988–2011 hh.) [National RK Archive. Central Election Commission of RK (for 1988–2011)] [in Kazakh].
- 13 Natsionalnyi arkhiv RK. Konstitutsionnyi sud RK (za 1992–1995 hh.). [National RK Archive. The constitutional court of RK (for 1992–1995)] [in Kazakh].